



Тасилова Назия Айтбайқызы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
қауымдастырылған профессоры

Алтын Орда тарихына қатысты деректер кешенін талдау

Мақсаты: Алтын Орда тарихына қатысты негізгі жазба, археологиялық, нумизматикалық және нарративтік дереккөздерді жүйелі түрде талдап, олардың мазмұнын, деректік құндылығын және зерттеулердегі қолданылуын түсіндіру.



ДӘРІС ЖОСПАРЫ:

- Алтын Орда дәуіріне қатысты негізгі деректоптарын жіктеу;
- Араб, парсы, түркі және орыс дереккөздерінің ерекшеліктерін анықтау;
- Алтын Орда тарихын зерттеуде нумизматика мен археология деректерінің орнын көрсету;
- Заманауи деректанулық әдістер арқылы деректердің ғылыми құндылығын бағалау.




Шығыс дереккөздері

1. Араб авторлары: Ибн Баттута, әл-Омари – географиялық және әкімшілік құрылым, қалалар мен сауда жайы.
2. Парсы авторлары: Рашид ад-Дин, Ибн-Араб-Шах – саяси қақтығыстар, хулагуидтер мен Жошы ұрпақтарының қатынастары.
3. Негізгі ерекшелігі: Арабтар Алтын Орданы мақтап, парсылар әлсіз тұстарын көрсеткен.



Орыс және еуропалық дереккөздер

- Орыс жылнамалары: «Новгородская», «Лаврентьевская», «Ипатьевская» – салық, елшілер, қатынастар.
- Еуропалық саяхатшылар: Плано Карпини, Гильом Рубрук, Марко Поло – Моңғол ордалары мен әлеуметтік-экономикалық жүйені сипаттаған.
- Маңызы: Алтын Орда бейнесін Батыс Еуропада қалыптастырған.



НУМИЗМАТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

- Монеталар: Сарай, Хорезм, Қырым, Еділ бойы – биліктің легитимдігі, саяси-экономикалық байланыстар.
- Археология: Сарайшық, Жайық, Еділ бойы қалалары – қалалық мәдениеттің дамуы, астаналардың орындары.
- Қорытынды: Астана Өзбек ханнан кейін Сарай ал-Джедидке көшкен.



Деректердің ғылыми интерпретациясы



- **Тарихи-компаративтік тәсіл: Әртүрлі деректерді салыстыру.**
- **Тарихи-типологиялық әдіс: Нумизматика, эпиграфика, жазба материалдарды жүйелеу.**
- **Тарихи-антропологиялық көзқарас: Әлеуметтік топтардың өмірі мен мәдениетін түсіндіру.**
- **Цифрлық әдістер: Электрондық базалар**